

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

А. БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ Өңірлік Университеті

## АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ  
БЕРУДІҢ ҮЗДІКСІЗДІГІ –  
ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГТАРДЫҢ  
ТАБЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

## МАТЕРИАЛДАРЫ

I КІТАП

## АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

## МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ

«НЕПРЕРЫВНОСТЬ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО  
ОБРАЗОВАНИЯ – ЗАЛОГ УСПЕШНОСТИ  
СОВРЕМЕННЫХ ПЕДАГОГОВ»

I КНИГА

Қостанай, 2022

есть конкретные сроки обучения будут отменены. Студенты будут обучаться по индивидуальной траектории и в любое время смогут выйти на рынок труда с определенной квалификацией.

Анализируя особенности академической самостоятельности можно с уверенностью сказать, что непрерывное профессиональное образование, обучение в течение всей жизни становится необходимым двигателем развития общества и экономики, а также благополучия граждан.

Таким образом, новый взгляд на академическую самостоятельность базируется на следующих принципах:

- обучение длиной в жизнь - обучение, продолжительность которого равна продолжительности жизни человека, что дает возможность постоянно возобновлять свое обучение, умения и навыки;
- обучение шириной в жизнь - охват обучением различных сторон жизнедеятельности человека, совершенствование не только его профессиональных навыков, но и других необходимых и интересных для него видов деятельности;
- самомотивация к обучению - сознательное стремление человека развиваться интеллектуально и повышать уровень своих знаний, что может оказать влияние на возможность занять конкурентоспособную позицию на рынке труда» [6].

#### Список литературы:

1. Постановление Правительства Республики Казахстан от 8 июля 2021 года № 471. Об утверждении Концепции обучения в течение всей жизни (непрерывное образование).
2. Развитие современного среднего профессионального образования в условиях его обновления: сборник статей Международной научно-практической конференции/Под общей ред. К.А. Каткенова.– Костанай, Костанайский политехнический высший колледж, 2021. – 893 с. – ISBN 978-601-7308-15-5.
3. Оспанова Н.Ж. Что дает академическая самостоятельность организациям ТИПО/электронный ресурс: <http://www.bilimdinews.kz?p=138396>
4. Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 31 октября 2018 года № 604. Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 1 ноября 2018 года №17669. Об утверждении государственных общеобязательных стандартов образования всех уровней образования.
5. Оспанова Н.Ж. Что дает академическая самостоятельность организациям ТИПО/электронный ресурс: <http://www.bilimdinews.kz?p=138396>
6. Постановление Правительства Республики Казахстан от 8 июля 2021 года №471. Об утверждении Концепции обучения в течение всей жизни (непрерывное образование).

УДК 372.891

### ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ МЕКТЕП ГЕОГРАФИЯСЫНДАҒЫ ЕЛТАНУЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫН БАҒАЛАУ

**Есембек Саят Әмірханұлы,**

география пәні мұғалімі

«Мичурин жалпы білім беретін мектебі» КММ

Қостанай ауданы, Мичурин селосы

География педагогтерін даярлау мамандығының

2 курс магистранты

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті

Қостанай қ. Қазақстан

#### Аннотация

Өзектілігі және мақсаты. Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында қазіргі география сабағындағы елтанулық білім берудің мазмұнын әлі де болса жетілдіру қажет. Себебі тәжірибе көрсетіп отырғандай педагогтер қауымының басым көпшілігі елтану бөліміне бөлінген тақырыптар санының аздығын алға тартады. Сонымен қатар бұрынғы және қазіргі елтанудың айырмашылығы барын сауалнама нәтижесі көрсетіп отыр. Қазіргі елтану бөлімінің тақырыптарын кешенді түрде қарастыру қажет. Оқушылардың көпшілігінде картамен жұмыс істеу дағдыларында қиындықтардың бары анықталды. Оқушылар әлем елдерінің географиялық бейнесін тұтастай көргенімен, оларды дербес қарастыруда қиыншылықтарға тап болады. Сонымен қатар елдерді оқып тануда талдамалық, салыстыру, бағалау, сыни ойлау сынды қабілеттерін дамыту қажеттігі айқындалды. Зерттеудің мақсаты орта мектептердегі қазіргі елтанулық білім беру мазмұнының тенденцияларын талдау, бағалау арқылы мәселелердің шешу жолдарын ұсыну.

**Түйін сөздер:** елтану, жаңартылған білім беру, тәжірибе, зерттеу, талдау, критерийлер.

### Аннотация

Актуальность и цель. На современном уроке географии в условиях обновленного содержания образования необходимо по-прежнему совершенствовать содержание страноведческого образования. Потому что, как показывает практика, подавляющее большинство педагогов выдвигают на первый план малое количество тем, отведенных на страноведческую часть. Вместе с тем, результаты опроса показывают, чем отличается прежнее и современное страноведение. Необходимо комплексно рассмотреть темы раздела современного страноведения. Выяснилось, что у большинства учащихся есть затруднения в работе с картой. Учащиеся сталкиваются с трудностями при самостоятельном рассмотрении географической картины стран мира. Была определена необходимость развития аналитических, сравнительных, оценочных способностей, а также навыков критического мышления в изучении стран. Цель исследования-предложить пути решения проблем через анализ, оценку тенденций содержания современного страноведческого образования в средних школах.

**Ключевые слова:** страноведение, обновленное образование, опыт, исследование, анализ, критерии.

### Abstract

Relevance and goal. In the context of the updated educational content, the content of country studies in modern geography still needs to be improved. Experience shows that the majority of teachers emphasize the small number of topics allocated to the section of country studies. At the same time, the results of the survey show that there is a difference between past and present country studies. It is necessary to consider the topics of the modern of country studies in a comprehensive way. It was found that most of the students had poor skills in working with maps. Although students see the geography of the world as a whole, they find it difficult to look at it on their own. The need to develop analytical, comparative, evaluative and critical thinking skills in the study of countries was also identified. The purpose of the research is to suggest ways to solve problems by analyzing and evaluating trends in the content of modern country education in secondary schools.

**Keywords:** country studies, updated education, practice, research, analysis, criteria.

Қазіргі бәсекелестік және жаһандану үрдісі қазақстандық қоғамның барлық салаларын қамтуда және білім беру жүйесін жаңартылған мазмұнға көшіру міндеті айқындалды. Қазіргі орта мектептерде географияны оқытудың жаңа міндеттері қойылды: оқушылардың өздігінен жұмыс жасау арқылы, оқу тапсырмаларын шығармашылық тұрғыдан орындауға ұмыту, жаңашыл басамаларды ұсыну, толеранттылыққа және қоғамға бейімделу арқылы әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыру болып табылады. Қазіргі заманда барлық әлем елдерінің алдында білім беру саласында өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуде нақты міндеттер қойылуда. Жалпы білім беретін мектептердегі елтанулық білім берудің қазіргі мәселелері мен дамыту жолдарын анықтау үшін 2020-2021 оқу жылының 4 тоқсанында 7,8,9 сыныптарға тәжірибе жүргізілді. Эксперимент жүргізудің әдістері мен тәсілдері құралдары анықталды. Зерттеуге ұзақ мерзімді жоспар бойынша «Елтану және саяси география» бөлімінің барлық тақырыптары алынды.

Эксперименттік зерттеу кезінде 7 сыныпта «Дүниежүзі елдерінің географиялық жағдайы» тақырыбында оқушылар алға қойған сабақтың мақсатын толығымен орындады (1 сурет). Себебі білім алушылар бағалау критерийлеріне сүйенді, сабақ мақсаты сараланған болды. Экспериментке қатысқан 39 оқушының нәтижелері талдау кезінде өткізілген сабақ мақсатына сай келесі педагогикалық критерийлер бойынша бағаланды:

1 - Сурет Оқу мақсаттарын меңгеру кестесі



Жоғарыдағы сандық статистикаға сүйенсек, экспериментке қатысқан оқушылардың басым бөлігі (29 оқушы немесе жалпы экспериментке қатысқан оқушылардың 74,3%) аралда, түбекте, архипилагта, теңіз жағасында, тұтас құрлықта орналасқан елдердің атауларын біледі, бірақ олардың географиялық орнын нақты көрсете алмайды. Бұның басты себебі, оқушылар карталарды кеңістікте елестетуде қиналады. Егер де сипаттап тұрған елді жалпы картадан жеке алып тастасақ, сұрап тұрған елдің көршілерін немесе маңайдағы теңіздерін, бұғаздарын, аралдарын атай алмайды. Картамен жұмыс істеу дағдысы әр оқушыда әркелкі. Кейбіреулері географиялық нысандарды көрсеткенде

бірден ұғып алса, ал кейбіреулеріне талқылау, талдау, сызып көрсету, бейнефильмдер көрсету, ассоциативті ойлар шақыру, пікір талас тудыру сияқты педагогикалық әдістерді жиі қолданғанда ғана нәтиже беретіні анықталып отыр. Бұдан түйетін қорытынды, қазіргі мектеп оқушыларының зейіндері жақсы шоғырланған бірақ, ол ұзаққа созылмайды, оның басты себебі картамен, оқулықпен жұмыс істеу дағдыларының қалыптаспауында болып отыр. Эксперименттік зерттеу нәтижелері көрсетіп отырғандай оқушылардың басым көпшілігі ақпаратты оңай жолмен алғысы келетіні анықталды, олар телефондар, планшеттер, компьютерлер мен ғаламтор. Осы аталған ресурстар көпшілік оқушыларға қолжетімді, бірақ ол ақпараттар өте көп немесе керек емес те болуы ықтимал. Сол себепті артық ақпараттан оқушылар естерінде өздеріне нақты керек мәліметті ұзаққа сақтай алмайды. Сондықтан да ақпаратты талдай алу, өзіне керекін алу қабілеттерін де дамыту керектігі айқындалды. Осы туындаған мәселені шешу үшін педагогтер білім алушыларды дұрыс ақпарат алу және оны өңдей алу, басқара білу, керегіне жарата білу сынды жеке тұлғалық қасиеттерін дамытуы қажет.

Экспериментке қатысқан оқушылардың біраз бөлігі елдерді жоспар бойынша сипаттау мақсатын орындай алды (35 оқушы немесе 89,7%). Себебі білім алушыларға алдын ала бағалау критерийлері мен дескрипторлары, сипаттау жоспары ұсынылды.

Географиялық жағдайына баға беру мақсаты күрделі, себебі бұл мақсат оқушыдан блумның жоғары ойлау деңгейлі дағдыларының орындалуын талап етеді. Оқушы елдердің географиялық жағдайына баға беруі үшін ең алдымен елдерді келесі критерийлер бойынша салыстыра білуі шарт:

1. Географиялық орнын сипаттап, картадан көрсете білу;
2. Көршілік жағдайын білу және сипаттау;
3. Географиялық орынның кем-артық тұстарын анықтау;
4. Мүмкіндіктері мен қатерлерін табу.

Бұл критерийлерді барлық оқушылар орындай алмайды. Себебі оқушылардың оқу мотивациясы мен есте сақтау қабілеттері, зейіннің шоғырлану және ақпараттарды қабылау деңгейі мен оны ұтымды қолдана білу қасиеттері әркелкі. Сонымен қатар оқушылардың сабақты оқу кезіндегі сабақ үстіндегі психологиялық жай- күйінің жағдайы да әсер етеді. Қазақстандық компонент мақсатын экспериментке қатысқан 39 оқушының 34-і орындады (немесе 87,1%-ы). Бұл мақсатты меңгеру оқушылар үшін қиынға соқпады, себебі Қазақстанның географиялық орны туралы ақпарат, білім көздері бастауыш сыныптан бері қайталанып, толығып отырады.

7 сыныптағы эксперимент ретінде өткізілген келесі тақырыптардың бірі ол «Елдердің экономикалық географиялық жағдайы» [2, 192б]. Тізім бойынша жалпы 39 оқушының 35-і ғана қатысты. Тәжірибе көрсетіп отырғандай алдыңғы өтілген сабақтағы оқу мақсаттары, келесі өтетін сабақты өту кезінде белгілі бір нәтижелерді беретіндігі анықтады. Бұл критериялды бағалау жүйесінің шиыршықтық әдісінің тиімділігін көрсетіп отыр. География сабағында ортақ мақсаттар да баршылық, олар сабақта білім алушылардың картамен жұмыс істеу, ептілік, байқағыштық, есте сақтау сынды қабілеттерінің дамуына ықпал етеді. «Елдердің экономикалық географиялық жағдайы» тақырыбын өтуде оқушылардың келесідей қызығушылықтарының бары айқындалды (2 сурет):

1. Елдерді астаналары арқылы жарысып жаттау;
2. Елдерді кескін картаға салу;
3. Елдерді мемлекеттік рәміздері бойынша анықтау;
4. Елдерді танымал брендтері арқылы оқып үйрену;
5. Елдерді мәдениеті арқылы тану;
6. Елдерді бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тану (ғаламтор).

*2-Сурет Оқушылардың қабілеттері*



Диаграммадағы мәліметтерге сүйенсек қызығушылықтың бір түрі балада жеке кездеспейді, мысалы елдерді астаналарымен жаттау және елдерді кескін картаға салу қызығушылықтары қосарланып дамыған. Бұл тақырыптың өзі соншалықты қызық, оқушылардың көпшілігінде 1 мен 2, 3 пен 4 нөмірдегі қызығушылықтарын белсенді танытады. Оқытудың түрлі әдістерін, тәсілдерін қолдану арқылы оқушылар сабақтың мақсатына жетті. Себебі сабақта материалды меңгерудің түрлі формалары қолданылды және бұл оқушыларды мүлде жалықтырмайды. Топтық жұмыста бұл тәсілдер тиімді және сәтті жүзеге асады.

8 сыныпта «Елтану» бөліміне 5 тақырып берілген [1, 96]. Эксперименттік зерттеуге барлық тақырыптар алынды. Аталмыш сыныптың «Дүниежүзінің саяси картасы», «Елдердің саяси типологиясы» тақырыбында сандық білім беру ресурстары қолданылды [3, 2226]. Жалпы қорытынды бойынша сандық білім беру ресурстарының тиімділігін байқауға болады (1 кесте).

*Кесте 1 Өткізілген сабақтар туралы ақпарат*

Сынып	Елтану бөлімінің тақырыптар саны	Тәжірибе өткізілген тақырыптар саны	Тәжірибеге қатысқан оқушылар саны	Кәдімгі сабақтар сериясының тиімділігі %	Сандық ресурстарды қолданған сабақтар сериясының тиімділігі %
7	2	2	39	70	85
8	5	5	47	70	87
9	5	5	26	65	75
Жалпы көрсеткіштер	12	12	112	68,3	82,3

Эксперимент нәтижесі бойынша 8 сынып оқушыларында «Елтану» бөлімін оқуда келесідей жетістіктері мен мәселелер анықталған (2 кесте):


*Кесте 2 Эксперимент талдаулары*

Жетістіктері	Мәселелері
<ul style="list-style-type: none"> <li>– Саяси картаның басты нысандары болып саналатын тәуелсіз және тәуелді аймақтарды атау;</li> <li>– Көлемі үлкен елдерді картадан анықтау;</li> <li>– Ел астаналарын білу;</li> <li>– Елдердің брендтерін білу;</li> <li>– Елдерді кескін картаға түсіру;</li> <li>– Елдердің сандық және сапалық өзгерістерін талдау;</li> <li>– Елдердің морфологиялық ерекшеліктерін сипаттау;</li> <li>– Мемлекетті жоспар бойынша экономикалық – географиялық тұрғыдан сипаттау;</li> <li>– Топтық жұмыста саяси интеграцияның мақсаттары мен мүдделерін талдау;</li> <li>– Топтық жұмыста халықаралық ұйымдардың маңыздылығын талдау.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>– Саяси картаның басты нысандары болып табылатын мәртебесі танылмаған аймақтарды анықтау;</li> <li>– Аумақтары шағын елдерді табу;</li> <li>– Анклав территорияларын анықтау;</li> <li>– Басқару формасы мен мемлекеттік құрылымы бойынша топтастыру;</li> <li>– Елдердің саяси-географиялық жағдайына баға беру.</li> </ul>

Кестеде көріп отырғанымыздай оқушылардың көпшілігінде мәселелеріне қарағанда жетістіктері басым. Дегенмен де мәселелерді шешу қажеттігі туындап отыр. Бұл мәселелер сабақтың оқу мақсатында да кездеседі. Ал оқу мақсаты сабақтың ажырамас бөлгі. Мәселелерді шешу үшін оқушылардың көру, есте сақтау, талдау, бағалау, сынау, басқару, ұйымдастыра білу сынды қабілеттерін дамыту керектігін көрсетіп отыр. Себебі оқушылар саяси картаға қарай отырып әлемнің тұтас бейнесін көреді және сипаттап отырған елдің нақты орнын жалпы саяси картадан көрсетеді. Егер де шағын бір елді саяси картадан бөлек жеке контурын қойсақ, көпшілік оқушылар ол қандай ел екенін атай алмауы да мүмкін. Себебі оқушылардың басым көпшілігі елдерді жалпылама көреді, ал нақты елдерді кеңістікте жеке елестете алмайды. Бұл тағы да картамен жұмыс істеу дағдыларының әркелкі екенін көрсетіп тұр.

9 сыныпта «Елтану» бөлімінің «Елдерді экономикалық даму деңгейі бойынша, халықаралық ұйымдардың деңгейлері мен мақсаттары бойынша топтастыру» тақырыбын көпшілігі меңгерген [4, 2286]. Әлем елдерінің экономикалық даму деңгейлері бойынша топтастыруда, зерттеушілер көптеген факторларды ескереді. Эксперименттік зерттеу көрсетіп отырғандай сыналған 27 оқушының басым көпшілігі Біріккен Ұлттар Ұйымының классификациясын тез қабылдайды және талдай алады (3 сурет):

### 3-Сурет БҰҰ классификациясын оқушылардың қабылдауы



Дамыған елдерді оқушылардың көпшілігі біледі (88,8%), оқушылардың сөзінше себебі ол елдер әлемге танымал, барлық жерлерде айтылады. Дамыған елдердің тауарлары әлемнің кез-келген елінен табылады, тіпті Қазақстанда да. Ал дамушы елдерді оқушылардың 70,3% анықтай алады. Себебі Қытай, Үндістан сынды көш басында тұрған елдерді білу оқушыларға қиындық тудырмады. Ал өтпелі экономика елдерін оқушылардың көпшілігі тек бұрынғы КСРО құрамындағы елдерді атай алды, дегенмен де әлемнің басқа түкпірлерінде де өтпелі экономика елдері баршылық. Олардың көпшілігін біле бермейді. Оның басты себебі ол елдер туралы ақпараттың аздығы және кешенді түрде оқытылмауы.

Эксперимент «Халықаралық ұйымдардың деңгейлері мен мақсаттары» тақырыбын оқу барысында білім алушылар халықаралық ұйымдардың атауларын, штаб пәтерлерін, олардың мақсаттары мен міндеттерін толыққанды білмейтінін көрсетті. Оқушылардың көпшілігі масштабы шағын ұйымдардың атауларын біледі, мысалы ТМД, ШЫҰ, Көдендік Одақ, ал НАТО, МАГАТЭ, ОПЕК сынды халықаралық маңызы бар ұйымдар туралы өте аз білетіні анықталды. Бұл мәселені шешу үшін қалыптастырушы бағалауға жоспар құрып тапсырмаларды ұсынған кезде оқушылардың біраз бөлігі орындай алды. Бұл орайда географияның дүниежүзі тарихы пәнімен сабақтастығы қажет болды. Халықаралық ұйымдардың маңызын өмірмен байланысты жағдайларда қолдану, оқушыларға өте қызық. Әсіресе пікірталастар мен сын айту, ұсыныстар білдіру т.б.

Қазақстандағы қазіргі елтанулық білім беруді жетілдіру үшін сапалы оқыту әдістері қолданылады. Елтану білімін жетілдіру мақсатында 2021 жылдың ақпан айында Google формасы арқылы онлайн форматта мұғалімдер арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға Қазақстанның барлық 14 облысы мен бас қалаларынан 300 география пәні мұғалімдері белсенді қатысты. Сауалнама қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде ұсынылды. Сауалнама барысында сабақ беретін мұғалімдерге шиыршықтық оқытудың тиімділігі, оқыту әдістері, қолданылатын әдістер мен материалдар, дағдылар туралы бірнеше сұрақтар қойылды. Сауалнамада жалпы 8 сұрақ, оның ішінде екі сұрақ орта білім беру жүйесіндегі жұмыс өтілі және қай өңірден шыққандығы туралы болды (4 сурет).

### 4-Сурет Жас категориялары мен еңбек өтілі



Сауалнама қорытындысы бойынша респонденттер бөлінген сағаттардың санына қарап мұғалімдер ұсынылған материалдарды оқытуда бағдарлану қиынға соғатынын көрсетті. Зерттеу көрсеткендей, қазіргі елтанулық білім беруде белгілі бір мәселелер бар. «Елтану» бөлімін оқыту кезінде мұғалімдер оқу мақсаттарының күрделілігін (32,4%) және тақырып мазмұнының ауқымды екендігін (33,1%) көрсетті. Сауалнамаға қатысқан 300 мұғалімнің 65,5%-ы жаңартылған бағдарламаның күрделілігімен келіседі. Сауалнамадағы «жауап беру қиын» жауаптарын «жоқ» деген жауаптарымен теңестіруге болады. Демек, респонденттердің басым көпшілігі «елтану» бөліміне сағаттың аз бөлінгендігін айтады. Елтану бөлімі бұрын кешенді түрде оқытылған, ал қазіргі бағытты кешенді білім деп санауға болмайды, ол функционалдық сауаттылықты қалыптастыруда тиімді емес. Бұл пікір сауалнамада да айтылды. Көптеген мұғалімдер елтану бөлімін шиыршықтық әдіспен оқытуға қарсы емес.

Салыстырмалы елтану әдісі оқушының әлемнің толық бейнесін қалыптастырады деп санайды. Сауалнама нәтижелері негізінде SWOT-талдау жүргізілді (4-кесте).

Кесте 3 Сауалнама бойынша SWOT талдау

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Рейтингер, индекстер арқылы әлемнің толық бейнесін қалыптастыра алады;</li> <li>2. Көрсеткіштердің бірі бойынша әлем елдерінің рейтингін графикалық түрде ұсыну;</li> <li>3. Математикалық модельдеу элементтерін игеру.</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Кешенді тәсілдің әлсіздігі;</li> <li>2. «Елтану» бөлімін оқытудағы оқу мақсаттары күрделі;</li> <li>3. Тақырып мазмұнының көлемі көп;</li> <li>4. Сағат санының аздығы.</li> </ol>
Қауіптері	Мүмкіндіктері
<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Оқу бағдарламасы мен оқулықтарда жас ерекшеліктері ескерілмеген;</li> <li>2. Оқулықтағы ғылыми тілдегі ақпарат;</li> <li>3. Ақпараттың көптігі мен әмбебаптығы.</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Елтануды» оқытуда зерттеу бағытының болуы;</li> <li>2. Елтану қолданбалы географияға бағытталған.</li> </ol>

География мұғалімдеріне жүргізілген сауалнаманың талдауы көрсеткендей, олардың көпшілігі «елтану» бөлімін зерттеуге сағат санын арттырғанын қалайды. Көптеген мұғалімдер мектептегі география пәнінің құрылымын және мазмұнын түбегейлі өзгертуге дайын емес екендігін айтып отыр. Мұғалімдердің едәуір бөлігі негізінен дәстүрлі сабақтар мен дәстүрлі оқыту құралдарын қолданады, белсенді оқыту әдістері мен формалары, заманауи АКТ технологиялары бар сабақтарды іс жүзінде елемейді. Көптеген мұғалімдер қазіргі мектеп географиясының келесідей жаңа ғылыми-әдістемелік міндеттерін шешуге дайын емес екендігін атайды: білім беру процесін жобалау және ұйымдастыру, әмбебап оқу әрекеттерін дамыту, географиядағы елтанулық оқыту әдісін арттыру. Сауалнама нәтижелері көрсетіп отырғандай орта мектептерде географиядағы елтану бөлімін оқытудың әдістемесі мен практикасын дамытудың қажеттілігін алға тартады. Сол себепті зерттеу жұмысы елтанулық білім беруді дамытудың жолдарын, әдістерін, тәсілдерін, құралдарын қарастырады және оны тәжірибеде әмбебап көмекші құрал ретінде қоланудың маңыздылығына, білім сапасының артуына, оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарының оянуына әсер ететіндігін тәжірибе жүргізу арқылы дәлелдер келтіреді [5, 716].

Жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасын әзірлеушілердің пікірінше ол білім алушылардың тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым дағдыларын дамытады. Төрт дағды оқу жоспарында «шиыршықтық оқыту әдісімен» байланыстырылған. Шиыршықтық оқыту әдісі дәстүрлі оқыту әдісіне қарағанда оқу материалын сыныптан сыныпқа қайталап берген кезде ол күрделену арқылы қазіргі заманғы оқушының қабілеттерін дамытады деседі. Бұл әдіс бізде күдікті тудырады, себебі біз қандай пәнді оқып жатқанымыздан әбден алшақтауымыз ықтимал. Осы бағдарламаны әзірлеуші авторлар шиыршықтық оқыту әдісі ол, белсенді түрде жүзеге асырылуы тиіс дейді және ол коллабрациялық ортада дифференсациялық оқыту арқылы оқыту үрдісінде пәнаралық байланыстар арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану міндетті болып саналады

#### Әдебиеттер тізімі:

1. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9 сыныптарына арналған «География» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы. Астана 2017 ж, 121 б;
2. А.Егорина, С.Нүркенова, Е.Шиминова: География жалпы білім беретін мектептің 7 сыныбына арналған оқулық. Алматы «Атамұра» 2017. 224 б;
3. С.Әбілмәжінова, К.Каймулдинова: География жалпы білім беретін мектептің 8 сыныбына арналған оқулық. «Мектеп» 2018. 256 б;
4. В.Усиков, А.Егорина, А.Усикова, Г.Забенова: Қазақстан география жалпы білім беретін мектептің 9 сыныбына арналған оқулық. Алматы «Атамұра» 2019 256 б;
5. Құрылтайшы: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті. Бас редактор: Дощанова А.І. Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының жаршысы, ғылыми-әдістемелік журнал №4 2021 ж, 97 б.